

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В СИСТЕМЕ ВОСПИТАНИЯ

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Айдналиева Н.А.

Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу отандық білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде көрсетіледі [1,2]. Яғни, білім беру мазмұны адамдардың нәсілі мен ұлтынан, мәдени және конфессиональдық белгілерінен тәуелсіз олардың арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа, тұлғаның жалпыадамзаттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Қазақстанның дамуындағы жаңа жағдайлар жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттерді қойып отыр. Осы орайда кәсіптік білім беру мәселелерімен айналысқан, яғни жоғары оқу орындарында мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың теориялық, ғылыми, әдістемелік негіздерін анықтау мәселелері Ш.Абдраман, Б.Әбдікәрімұлы, С.А. Әбдіманапов, А.М.Әбдіров, А.Б. Абибуллаева, С.Т. Каргин, К.М. Кертәева, Б.Т. Кенжебеков, М.А. Лигай, А.С. Мағауова, М.С. Мәлібекова, Г.Ж. Меңлібекова, Т.К. Мусалимов, О.Г. Мусабеков, Б.К. Момынбаев, Ы.Ә. Нәби, С.Ж. Пралиев, А.П. Сейтешев, П.Б. Сейітқазы, О.Сыздық, т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Болашақ мұғалімдерді тәрбие үдерісіне дайындауда этнопедагогика материалдарының ерекшеліктеріне мән беру мәселесін зерттеген: В.В. Борисов, А.В. Қайсарова, Т.Н. Кондратьева, Е.В. Кузнецова, В.Д. Лобашев, Н.А. Муштакова, М.Б. Насырова, Н.А. Лобанова, В.Н. Скворцова, С.Я. Ооржак, О.И. Пономарева, К.С. Садыков, Л.И. Северинова, Н.И. Синявский, С.Г. Тишулина, Е.В. Андриенко, В.Ю. Штыкарева т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Бұл еңбектерде болашақ мұғалімдердің этнопедагогика материалдарын оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың мән-мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларын, сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізу түрлерін қарастырып, тәрбие міндеттерін шешуге көңіл бөлінген. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы мектеп мұғалімдеріне жүктелгендіктен, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын қазіргі қоғамның талабына сай, этнопедагогикалық мәдениеттілігімен ерекшеленетін мұғалімді қалыптастыру мәселесі туындайды. Аталған ғалымдардың ұлттық тәрбие жайындағы еңбектері біраз көкейкесті мәселелерді алға тартады.

Этникалық тәрбие мен оның әдіснамалық мәселелері, этномәдени білім беру, патриоттық тәрбие беру отандық (З. Абетова, Ш.И. Джанзакова, Қ. Жарықбаев, Е. Жұматаева, С. Қалиев, К.Ж. Қожахметова, А.Ш. Манабаева, Н.А. Мыңжанов, Ж.Ж. Наурызбай, Ә.Қ. Нұрғалиева, Т. Суюнова, С.А. Ұзақбаева) және шетелдік (Е.А. Балашова, Г.Н. Волков, Дж. Деверо, Г.Д. Дмитриев, Г.В. Иванченко, Дж. Лорсен, Р. Льюис, Т. Моррисон, Н.М. Лебедева, Т.Г. Стефаненко, Э.Р. Хакимов, М. Уолцер, т.б.) ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады.

«Менталитет» және «толеранттылық» категориялары білім беру жүйесіне тікелей қатысты. Өйткені ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты түрде қалыптастырады.

Сондықтан болашақ педагогтар бұл түсінікпен өздерінің кәсіби қызметін бастамас бұрын танысу тиіс, өйткені олар көпмәдениетті ортада жұмыс жасауға даярланады. Еліміздің

білім беру жүйесінде басқа да қоғамдық институттар сияқты қоғамдық өмірде болып жатқан құбылыстар өз көрінісін табады.

Көпұлттылық жағдайында педагог мамандар өзінің кәсіби іс-әрекетінде «басқа», «бөтен», әртекті ортада жұмыс жасауға дайын, басқа мәдениеттің құндылықтарын құрметтеуге қабілетті болуы тиіс. Сол себептен оқу-тәрбие процесінің объектілері мен субъектілерінде толеранттылық қалыптастыру қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікті қанағаттандырудың бір жолы – педагог мамандарды кәсіби даярлау барысында толеранттылықты қалыптастыру және оның деңгейін көтеру міндетін шешу болып табылады.

Мәселе аймағында педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен танысу барысында толеранттылық және оны қалыптастыру проблемасының философиялық, психологиялық, әлеуметтану, этикалық жақтарын қарастырумен қатар оның педагогикалық аспектілерінің біршама зерттелгендігі байқалады. Мәселен, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы гуманистік және антропологиялық (К. Ясперс), биогенетикалық (С.Холл) және психотерапевтикалық (Дж. Дьюи және басқалар) бағыттар өкілдері толеранттылық қарым-қатынас табиғатына талдау жасаған.

Қоғамдық өмірдегі толеранттылықтың орны мен ролі туралы қағидалар Б.С. Гершунский, В.А. Лекторский, А.Н. Леонтьев, М. Мчедлов, А.В. Петровский, В.А. Тишков, О. Хеффе, т.б. еңбектерінде кездеседі. Бұл авторлар негізінен толеранттылықтың әлеуметтік-мәдени және этникалық сипаттарына көңіл бөледі.

Педагогикалық зерттеулердің бірқатарында толеранттылық проблемасы-мен астасып жататын мәселелерге назар аударылады: ұлтаралық қарым-қатынастар, ұлтаралық қарым-қатынастарды қалыптастыру, т.б.

Толеранттылықтың жекелеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне де арқау болды: Г.К. Искакова, М.А. Кучерова, Ж. Қартбаева, П.И. Мамедова, Э.Д. Сүлейменова, Б.А. Тұрғынбаева, т.б. толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін қарастырса, С. Әмірғазин еңбектерінде дінаралық толеранттылық мәселелерінің әр жақтары ашылған. Г.А. Уманов ұлтаралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін қарастырды.

Зерттеуші Шаяхметова.М.Н. «Толеранттылық қарым-қатынас мәселесінен бастап педагог толеранттылығының педагогикалық іс-әрекеттің табыстылығына әсеріне дейін қарастыратын осы және басқа да зерттеулерді талдау кәсіби даярлық барысында болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру мәселесінің жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін көрсетті. Ал оны қалыптастырудың маңыздылығы полиэтникалық жағдайда дау тудырмас мәселе» – деп жазады [3].

Толеранттылық қазіргі ғылымда әр түрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. Осылардың ішінен біздің зерттеу пәнімізге байланысты этникалық толеранттылықты жеке бөліп қарастырайық. Этникалық толеранттылықтың философиялық негізі – басқаның, өзінен айырмашылығы бардың өмір сүруі фактісінің өзі болып табылады. Ал оның түпкі мәніне жету үшін ең алдымен «этникалық» түсінігіне тоқталып өткен жөн. «Этнос» терминін қарастырғанда көпшілік авторлар Ю.В. Бромлейдің анықтамасын негізге алады. Оның айтуынша «этнос – бұл белгілі территорияда тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты тіл, мәдениет және психикалық ерекшеліктерге, сол сияқты өзіндік атауында көрінетін өзінің бірлігі мен өзгелерден ерекшелігін (өзіндік сана) түйсінетін адамдардың тұрақты жиынтығы». Этнос табиғатын түсіндіруге арналған басқа да тұжырымдар көптеп жасалды. Л.Н. Гумилев этносты ең алдымен табиғи құбылыс ретінде қарастырды. Оның түсінігінде этнос – «бұл өзін басқа өзі сияқты ұжымдарға қарсы қоятын (біз – біз емес), ерекше ішкі құрылымға және мінез-құлық стереотипіне ие адамдар ұжымы (динамикалық жүйе)». Этномәдени білім беру мәселесін зерттеу барысында

Ж.Ж. Наурызбай «этнос» ұғымын тайпадан жоғары қауым, ұлт (национальность) және нация ұғымдарын жалпылаушы термин ретінде қолданады.

Мәселе, бойынша философиялық, педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасалған теориялық талдау бізге этникалық толеранттылықтың мәнін ашуға мүмкіндік берді. Соны-

мен, «этникалық» сөзінің мәні адамның белгілі бір этнос мүшесі ретінде сол этносқа тиістілігін, сәйкестілігін сезінуі деген қорытынды жасауға болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда «этникалық толеранттылық» басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін принципті түрде қабылдай алу қабілеті ретінде көрінеді. Әрине, оның шегі өзара сыйластық, ынтымақтастық деңгейінде болуы тиіс.

Этникалық толеранттылық адамның тұлғалық қасиеті болып табылады, сонымен бірге ол қалыптасу барысында маманның кәсіби қажетті қасиетіне трансформацияланады. Сондықтан, философиялық, педагогикалық-психологиялық тұрғыда этникалық толеранттылық феноменін және тұлғааралық қарым-қатынаста оны іске асыру механизмдерін талдау бізге этникалық толеранттылықты болашақ педагогтың кәсіби қажетті қасиеті ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

ЖОО-да болашақ мұғалімдердің ұлтжандылық сезімдерін ояту арқылы этнопедагогикалық даярлықтан өткізуді міндет ете отырып, олардың этнопедагогикалық мәдениеттерін теориялық біліммен байыту басты мәселе болып табылады. Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру тәуелсіздік алып, егемен ел болу жағдайында қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыруға байланысты көкейкесті мәселенің біріне айналды. Болашақ мұғалімдер қандай пәннің маманы болмасын жоғары педагогикалық оқу орнында білім алатын студенттер үшін педагогика пәні және оның цикл пәндері студенттердің негізгі кәсіптерін шыңдай түседі. Аталған пәндерді негізге ала отырып, ЖОО студенттерін болашақ мұғалімдік мамандықтарына кәсіби даярлауда төмендегі міндеттер қойылады:

- кәсіптік қызметтің ғылыми негіздерімен таныстыру;
- жоғары оқу орнында білім алу еңбегі мәдениетін игеруге жәрдемдесу;
- студенттердің алдағы уақытта болатын үздіксіз және өндірістік практикаларының жолдарын жеңілдету;
- студенттердің мұғалімдік кәсіби сапаларын дербес қалыптастыруға, яғни өзін-өзі тәрбиелеу деп аталатын ізгілікті іспен шұғылдануға үйрету.

Бұл пәндерде ең ізгілікті істер оқытылады және болашақ мұғалімдер ынта-ықылас білдіруге, өмір жолдарын дұрыс таңдауға әрі педагогикалық шығармашылықтың негіздерін толық меңгеруге көмектеседі. Студенттердің жоғарыда көрсетілгендей дайындықтан өтулері бүгінгі және келешектегі жас ұрпақ үшін маңызы зор. Болашақ мұғалімдердің ЖОО-да білім ала бастағаннан бастап олардың бойларына этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік туғызуға болады. Олай дейтініміз, болашақ мұғалім этнопедагогика пәнімен бастапқы курстан бастап таныс болмаса да, педагогика цикл пәндерінің оқу бағдарламаларына енгізу тиімді нәтиже береді.

ЖОО-да білім беруде этнопедагогика, педагогика және оның құрылымдары, сонымен қатар педагогика цикл пәндері: педагогикалық мамандыққа кіріспе, педагогикалық шеберлік, тәрбие жұмысының теориясы және әдістемесі, әлеуметтік педагогика т.б. тығыз байланыста жүргізіледі. Олай дейтініміз, аталған пәндердің жұмыс бағдарламаларына халықтық педагогиканың элементтері қосымша жүргізіледі. ЖОО-да жүргізілетін этнопедагогика және педагогика цикл пәндері, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруға үлесін қосады.

Сонымен, болашақ мұғалімдердің этникалық толеранттылығының адамның этникалық толеранттылығынан ерекшелігі – оның кәсіби қажетті тұлғалық қасиет болуында.

Болашақ мұғалімдердің этникалық толеранттылығын қалыптастыру бойынша жұмыстарды бастаудан бұрын оның дамуының мүмкін деңгейлері мен білім алушылардағы оның сипаты жайлы нақты түсінік алу керек. Әр болашақ мұғалімдерде этникалық толеранттылықтың бастапқы деңгейі бар деп есептейміз. Себебі, еліміздегі көпмәдениеттілік жағдайда әрбір адам қалайда болсын өз өмірінде «басқа» адаммен кездеседі, сөйлеседі, яғни қарым-қатынас жасайды. Сондықтан осы деңгей анықталса (толеранттылық немесе интолеранттылық болсын), диагностика жүргізілсе, сол негізде аталып отырған кәсіби маңызды қасиетті қалыптастыру мақсатын қою мүмкін болады. Болашақ педагог мамандардың этникалық толе-

ранттылығы оның тұлғалық қасиеті болып табылады. Сондықтан оны қалыптастыру жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде кешенді жүзеге асыруды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 2004.
3. Шаяхметова М.Н. «Болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру» Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 2009.

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ

Айқынбаева Г.Қ., Умирзакова А.М.

Қазақстан, Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Отбасы – адам өмірінің алғашқы сатысы. Ол ерте жастан бастап балалардың санасын, еркін, сезімдерін бағыттап отырады. Ондағы салт-дәстүр, бала – болашақ оқушы жанұяда қандай орын алады, отбасы мүшелерінің оған тәрбиелік қатынасы қандай екендігіне көп нәрсе тәуелді, байланысты. Ата-ананың жетекшілік етуімен бала өзінің алғашқы өмірлік тәжірибесін, қоршаған ақиқат дүниесі туралы қарапайым білімдерін, қоғамдағы өмірлік икемділігі мен дағдыларын жинақтайды. Сондықтан да, мектептік дезадаптацияның қалыптасуына отбасының әсері, сонымен қатар, бала дамуының жанұя ішіндегі қатынастар сипаты мен ата-аналардың отбасында дұрыс тәрбие берудің маңыздылығын түсінуіне тәуелділігі деген сұрақты қарастыру міндетті.

Отбасы әсерінің күші, оның үнемі, ұзақ уақыт және әртүрлі жағдаяттар мен жағдайларда жүзеге асуында. Сондықтан да, балаларды мектепке дайындаудың отбасының әсерін тиісінше бағаламауға болмайды.

Балалармен қарым-қатынас кезінде, кейін «жақсы» немесе «жаман» жеміс беретін, мінез-құлқы дәні себіледі. Біздің балаларымыздың мектептегі сәтсіздіктері, олардың бірден ұжымға, жаңа ортаға ене алмауы, оқуда үлгірмеуі мен оқығысы келмеуі – көбінесе, ата-аналардың жіберген қателіктерінің, отбасындағы қарым-қатынастың, жанұяда қабылданатын өмірлік бағдарлардың нәтижелері.

Мектепте оқу, жанұя бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап оның тек физикалық дамуына ғана қамқорлық жасап қана қоймай, сонымен қатар, бала бойында еңбекқорлық, ұйымшылдық, дербестік, тапсырылған іске жауапкершілікті қатынасты тәрбиелеуді қолға алған жағдайда ғана сәтті, жемісті бола алады. Сондықтан да, бала өмірінің бірінші күнінен бастап оған қойылатын талаптарда ешқандай асығыс, әбігершілік болмау керек. Баланың мектепке дайын болмау себептерін қарастырып көрейік.

Баланың ұжымда бақыланған жүріс-тұрысы арқылы, оның мінез-құлқы, әдеттері мен педагогикалық ынтасы туралы көп нәрсе білуге болады. Жақындарымен қарым-қатынас барысында бала алғаш рет өзін басқалардың көзімен көре алады және соның негізінде балада өз-өзі туралы көзқарас құрылады. Оның көзқарасы ақиқатқа сәйкес болуы өте маңызды, әтпесе, жаңа таныстар тарапынан асыра бағалаушылыққа ұшырауы мүмкін және ол баланың балалар ұжымына енуін күрделендіре түседі, сонымен қатар, баланың тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Содан кейін, ондай балалар «тәуекел тобы» категориясындағы немесе «қиын тәрбиеленетін» деп аталатын категориядағы балалар тізіміне енеді.

«Қиын» (немесе дезадаптацияланған) бала – бұл, «мектепке негативті қатынас және өз міндеттерін орындаудан бас тарту» қалыптасқан, дөрекі, тәртіпсіз, ата-анасы мен мұғалімдердің реніші мен ашу-ызасын келтіретін бала. Сондықтан төменгі мектеп жасында мұғалімдер дабыл соға бастады.